

**«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Алкебаева Дина Акбергеновнаның
ЖАЗБАША ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындалған диссертация мынандай мемлекеттік бағдарламаға сәйкес орындалған. 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс қазақ халқының мәдени құндылықтарының басты өзегі болып табылатын отбасы дискурсына арналған. Отбасы – мемлекеттің басты құндылығы. Отбасы дискурсы – қазақ халқының негізгі тұлға қалыптастыратын мәдени құндылықтарының негізгі бастауы, қайнар көзі.

			<p>1.Отбасы дискурсы арқылы адам санасында мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, салт-дәстүрге қалыптасуына негіз болатын отбасылық тәртіп, рухани құндылықтарды ұлттық санамен қалыптасқан тілдік бірліктердің аксиологиялық моделінің ғылыми - теориялық мәні жасалынған. Қазақ тілінде отбасы дискурсының кездесетін тілдік қатынастардың аксиологиялық, семантикалық, прагматикалық қырлары ғылыми жаңалығы деп танылады.</p> <p>2. Отбасылық құндылықтар жалпы ұлттық құндылықтармен байланыста қарастырылған, отбасы дискурсында кездесетін тілдік қатынастардың аксиологиялық және семантикалық анықтамалары мен прагматикалық әлеуеті сараланған.</p> <p>3. Отбасы дискурсының тіл + ұлттық құндылық + отбасы коммуникациясынан тұратын үштаған ретінде қарастырылғаны айқындалды. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары тіл білімінің лингвоаксиологиялық, когнитивті лингвистика, дискурс бағытындағы зерттеудің маңыздылығын әрі осы бағыттарының кешенді түрде қалыптасып дамуына өз үлесін қосады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмыс жазу деңгейі жоғары. Академиялық жазу – ғылыми зерттеу талаптарының басты көрсеткіші. Диссертация ғылыми зерттеудің басты әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген, басқа ғылыми жұмыс зерттеудің барлық параметрлерін басты ұстаным етіп ала отырып, өзінің жұмысын жаңашылдығымен ғылыми ойларымен, мазмұндауымен жан-жақты тұжырымдаған. Диссертант зерттеуінде ғылыми стильдің барлық жанрларын меңгергені, жұмысының барлық тарауларында көрсете білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесін былайша таратып айтуға болады: а) отбасы дискурсының мәні мен мазмұнын қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер, т.б. сияқты тілдік бірліктердің қолданысына негізделген және парасатты пайымға құрылған түрлі диалогтар арқылы зерттеп, зерделеу де аса маңызды. б) қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер, т.б. сияқты тілдік бірліктердің қолданысына негізделген және парасатты пайымға құрылған түрлі

			<p>диалогтар арқылы талдаулары, ә) қазақ тіл ғылымында қазақ отбасы дискурсындағы ұлттық-мәдени семантиканың компоненттерді талдауы, қазақ халқына тән ұлттық құндылықтардың базасын анықтауы, лингвоаксиологиялық дискурс теориясының қалыптасуына үлес қосатыны, б) когнитивті-семантикалық өрісті табу, сөйлеу тактикасын ажырату, жақсы мен жаманды, оң мен терісті, дұрыс пен бұрысты ажыратуға бағытталған ғылыми талдаулары, в) отбасы мәдениетінің моделін ұсынумен, ғылыми ортаға гуманитарлық, педагогикалық бағыттың дамуына үлес қосатынымен өзекті.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбымен толық сәйкес. Диссертацияның толық ішкі, сыртқы құрылымы бір-бірімен толық үйлестірілген, ғылыми зерттеу мазмұнын тақырыптың толық мазмұнын баяндайды. Бірінші тарау дискурстық зерттеулер мен бағыттардың ғылымдағы орнын, дискурс теориясының әдіснамалық негізін толық ғылыми тұрғыдан жүйелеп, отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының арақатынасы отбасы дискурсындағы лингвоаксиологиялық факторлардың көрінісінің ғылыми мазмұны мен мәнін ашуға арналған. Қазақ отбасы дискурсының репрезентациясы деп аталатын екінші тарауда отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негізін танытатын тілдік бірліктердің ана, әке, бала концептілерінің қолданыс қызметінің ұлттық санада қалыптастырудың маңызын көрсетеді. «Қазақ отбасы дискурсының коммуникативті-прагматикалық қызметі» 1-ші тарауда отбасы дискурсында қолданылатын стратегиялар, тактикалардың олардың маңызды орнын мәтіндер арқылы ғылыми дәлелдеп берген. «Қазақ отбасы дискурсының когнитивті-семантикалық өрісі» атты тарауда отбасы дискурсының басты ерекшелігі ұжымдық тәжірибелерге негізделген прецеденттік айтылымдардың, отбасылық естеліктердің болуымен және апперцепциялық базаның болуын жүйелеген. Дискурстың когнитивті-семантикалық өрісі дегеніміз – қарым-қатынас барысындағы жекелеген фразалар мен ұғымдардың адам санасында қалыптасқан нақты бір когнитивтік бейнемен</p>

		<p>сәйкестігінің нәтижесінде, коммуниканттар арасында өзара түсіністіктің қалыптасуы. Дискурстың когнитивті-семантикалық өрісі жекелеген сөздердің когнитивті-семантикалық өрісінен ауқымының кеңдігімен ерекшеленетіндігіне негізделген. Жұмыста отбасы ресайленсі (тұрақтылық, төзімділік) мәселесіне ғылыми негіздеме жасалынған. Оған отбасы мүшелерінің ұйымшылдығы, ашық әңгімелесуін негізге алады.</p> <p>Отбасы институтының екі маңызды функциясын біріншіден, қоғам алдындағы жауапкершілігі, қоғамның бекіткен нормаларына сай тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды ұстану болса, екіншіден, отбасының жеке индивид алдындағы жауапкершілігі, яғни әр отбасы мүшелерінің өзіндік талаптарына, қажеттіліктеріне сай болу. Төзімділігі жоғары отбасылар балаларға мәселелерді шешу дағдыларын үйрету, оң және сыни емес қолдау көрсетуі, ұйымшылдық пен төзімді мінез-құлықты үйрену мәселесінің маңызын көрсетуіне де ғылыми сипаттама жасалынған. Отбасы төзімділігі қағидаттары құндылықтар мен дағдылар адамдарға өз өмірлерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін және тұлға болып қалыптасуда маңызды орын алатындығына талдау жүргізілген.</p>	<p>сәйкестігінің нәтижесінде, коммуниканттар арасында өзара түсіністіктің қалыптасуы. Дискурстың когнитивті-семантикалық өрісі жекелеген сөздердің когнитивті-семантикалық өрісінен ауқымының кеңдігімен ерекшеленетіндігіне негізделген. Жұмыста отбасы ресайленсі (тұрақтылық, төзімділік) мәселесіне ғылыми негіздеме жасалынған. Оған отбасы мүшелерінің ұйымшылдығы, ашық әңгімелесуін негізге алады.</p> <p>Отбасы институтының екі маңызды функциясын біріншіден, қоғам алдындағы жауапкершілігі, қоғамның бекіткен нормаларына сай тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды ұстану болса, екіншіден, отбасының жеке индивид алдындағы жауапкершілігі, яғни әр отбасы мүшелерінің өзіндік талаптарына, қажеттіліктеріне сай болу. Төзімділігі жоғары отбасылар балаларға мәселелерді шешу дағдыларын үйрету, оң және сыни емес қолдау көрсетуі, ұйымшылдық пен төзімді мінез-құлықты үйрену мәселесінің маңызын көрсетуіне де ғылыми сипаттама жасалынған. Отбасы төзімділігі қағидаттары құндылықтар мен дағдылар адамдарға өз өмірлерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін және тұлға болып қалыптасуда маңызды орын алатындығына талдау жүргізілген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу мақсаты: қазақ отбасындағы тілдік қатынас негізінде отбасы дискурсының құндылық бағдарын коммуникативті-когнитивтік аспектіде сараланған.</p> <p>Жұмыстың міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктерін коммуникативтік аспектіде анықтау; – Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәнін айқындау; – Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметін анықтау; – Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізу, оның нәтижесін талдау және отбасы дискурсының психолингвистикалық қырын мысалдармен дәйектеу. 	<p>Зерттеу мақсаты: қазақ отбасындағы тілдік қатынас негізінде отбасы дискурсының құндылық бағдарын коммуникативті-когнитивтік аспектіде сараланған.</p> <p>Жұмыстың міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктерін коммуникативтік аспектіде анықтау; – Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәнін айқындау; – Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметін анықтау; – Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізу, оның нәтижесін талдау және отбасы дискурсының психолингвистикалық қырын мысалдармен дәйектеу.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен логикалық тұрғыдан жүйелі байланысқан. Бірінші тарауда дискурстық талдау лингвистиканың ғана емес, психология, компьютерлік тіл білімі, жасанды интеллект, философия мен логика, әлеуметтану, антропология теология, құқықтану, педагогика, пәнаралық зерттеу нысаны деген тұжырым жасаған. Дискурстың ережелері мен анықтамаларының сан алуан екенін оған қатысты ғалымдардың зерттеулерін басшылыққа алған. Дискурсқа қатысты пресуппозиция, интенция, коммуникацияға түсушілердің өзіндік стратегиясы мен тактикалары т.б. айтылым ерекшеліктері туралы ғылыми деректерге сүйенген. Дискурс – күрделі, коммуникативтік-прагматикалық тілдік акт. Отбасылық дискурсқа қатысты айтылған В.С. Анохина, В.В. Звягинцева, Ш. Блюм-Кулка, Р. Джонсон сияқты ғалымдардың пікіріне сүйене отырып осы сала бойынша өзінің ғылыми ойларын жасауға тырысқан. Қазақ отбасы – ата, әже, әке, ана, балалары (ұлы, қызы) деген сияқты отбасы мүшелері, үлкен тұрып кішінің сөйлемейі, ата-ананың балаларын кәмелеттік жасқа толғанға дейін бағып-қағуы, ата-ананың ақылын тыңдау, отбасындағы балалардың тең дәрежеде қаралуы, бір-бірімен түрлі тақырыптарда әңгімелесу, қалжындасу, мадақтау, мақтау, құттықтау, ұрсу, зеку т.б. жатады. Түрлі дискурстардың болуының маңызы мен мәнін ашып берген. Екінші тарауда қазақ отбасының мүшелері ата, әке, ана бала сияқты концептілері мен жалпы қарым-қатынас үстіндегі ұлттық құндылықтардың бастауы болатын отбасы құндылықтарының мәтіндермен түрлі диалогтардан үзінді келтіре отырып ғылыми түрде талдаулар жасалынған. Жұмыстың тараулары мен тараушаларының арасы бір-бірімен сабақтасып, логикалық байланысы сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Автор ұсынған жаңа сыни шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденген. Қазіргі отбасы дискурсында күнделікті қолданылатын лингвомәдени бірліктер паремиологиялық қор арқылы, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, фразалық тіркестер арқылы болашақта тұлға</p>

		<p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>қалыптастырудағы осы саланың маңызды рөлі дәйектелген. Отбасы дискурсына тән ерекшеліктер тіл – бұл адамдар тобының этнос болып қалыптасуына, мәдениет, дәстүрді сақтай және тарата отырып, ұлттың қалыптасуына себепші болатын көпшілікке танымал күшті құрал. Қазір адамзат бастан кешіп отырған әлемдік рухани құндылық дағдарысқа ұшырауда. Соған байланысты дәуірлер тоғысында аксиологиялық зерттеулердің өзектілігіне автордың назар аударуы сыни пікірлердің шешімін табуы деп бағаланды. Аксиология – «құндылық» ұғымы – рухани әлем категорияларының ең маңыздысы. Автор құндылықтарға қарсы антиқұндылықтарға назар аударуы да басқа шешімдермен салыстырып дәйектеген. Болашақта аксиология туралы жазылатын зерттеулерге жаңа шешімдер тудыруға ықпал етті деп айта аламыз. Автор басқа зертеушілер негіздемесіне сүйене отырып, адами қасиеттерге қарама-қайшы, адамдарың арам пиғылынан туындайтын, зұлымдықтың белгісі ретінде қарастыруға болатынын айтады (32-33 б.б.).</p> <p>Құндылыққа қарсы антиқұндылықтың белгілері: неке беріктігі – ажырасу, балалы болу – баланың болмауы, отбасындағы ауызбіршілік – отбасындағы алауыздық, отбасындағы татулық – отбасындағы ұрыс-керіс (33-34 б.б.). Бұл ұсыныс бұрынғы қағидаттар негізінде жаңа, сыни шешімдердің жасалуына негіз болады. Қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделінің кестемен берілуі жұмыстың сыни жаңа үдерісінің белгісі (44 б.). Атап айтқанда, отбасы тұрақтылығы (неке беріктігі, ұрпақ жандылық, отбасындағы сүйіспеншілік, ауызбіршілік, сыйластық, адамгершілік), ұрпақ тәрбиесі (сана-сезім деңгейін өсіру), отбасы денсаулығы, қазақ отбасындағы тектілік (жеті атасын білу, жеті атаға толыспай қыз алысып, қыз беріспеу), әдептілік (үлкенге құрмет, кішіге ізет, ат тергеу, сәлем салу, табақ алу рәсімі), қонақжайлылық, бауырмалдық, салт-дәстүр жалғастығы және ырым-тыйымдарды ұстану (64 б.).</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Атап айтқанда, ұлттық құндылықтардың,

		<p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>салт-дәстүрдің, ұлттық сананың негізінде қалыптасқан, ұлттың болмысына тән, мән-мағынаға ие «әке», «ана», «бала» концептілер олардың құндылық сипатына жасаған сыни талдаулары туралы отбасы дискурсының маңызды саласы деп бағаланды (68-76 б.). Жаңашыл дәстүрлерді ұлттық дәстүрлермен дәріптеуге арналған негіздемелері мен қағидалары отбасы дискурсының – отбасы ресайленсін (отбасы тұрақтылығын) сақтаудың негізі екені нақтыланды. Отбасы ресайленсі – отбасы мүшелерінің ұйымшылдығының және ешқандай бүкпесіз ашық әңгімелесуінің нәтижесінде сақталатындығын нақтылайтын қағидалары толығымен жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылары толығымен жаңа деп бағалауға болады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дискурс мәселесі зерттелініп жатқанмен отбасы дискурсы алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып отыр. 2. Отбасы дискурсы – ұлттық құндылықтарды ұстанудың және оны одан әрі жас ұрпақтың санасына сіңіртудің бірден-бір жолы. 3. Коммуникация мен дискурс ұғымдарына теориялық талдау жасай отырып, коммуниканттардың нақты прагматикалық интенциясына негізделді, ал коммуникация – ақпаратпен анықталып, тіл мен мәтіннің сабақтастығынан туындайды қорытынды жасалынған. <p>Отбасы коммуникациясы ауызекі тілдегі сөйлеудің барлық түрі де, отбасы дискурсы құндылықтарға, мәдениетке негізделген коммуникация екенін тілдік талдаулармен нақты мысалдармен қорытындылаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми – теориялық, практикалық тұрғыдан негізделген. Алғаш рет қазақ тілінде отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектіде зерттелуі – жаңа. Отбасы дискурсы қатынастардың тілде көрініс табатын аксиологиялық мәні семантикалық анықтамалары, прагматикалық әлеуеті сараланды. Тіл білімінің антропоэзектік парадигмасына сәйкес лингвоаксиологиялық аспектісін тіл + отбасы + ұлттық құндылық ұштаған ретінде қарастыру адамзат танымының тілдік</p>

			көрінісін ашуға көмектесетіні жүйеленген. Отбасы дискурсында лингвомәдени бірліктердің астарындағы ұлттық когнитивтік түсінік, ұлттық аялық білім жеке тілдік бірліктер топтамасы, мақал-мәтелдер, әке, ана, бала концептілерінің отбасының коммуникативтік-прагматикалық аспектілері стратегиясы мен тактикасы, ниеті, комиссивтер (міндеттеме) – сөйлеушіні бір істі жасауға міндеттейді, декларативтер (жариялау немесе мадақтау) – сөйлеушінің тыңдаушы мәртебесін көтеруге арналған сөздері, экспрессивтер (ойдың айқындығы) – коммуникация барысындағы адамдардың жауабынан шынайы психологиялық көңіл-күйінің білінуі, прескриптивтер (талап ету) – сөйлеуші позициясының басымдылығын білдіруі т.б. сараланған. Қазақ отбасындағы дискурстың концептілік мәні, мәдени-семантикалық құрылымы, прагматикалық сипаты лингвомәдени бірлік ретінде санада қалыптасқан лингвоаксиологиялық мағынасымен тығыз байланысты екені анықталды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста жасалған барлық негізгі пайымдаулар, тұжырымдар, қорытындылар ғылыми әлеуеті мен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындылары отбасы дискурсының ұлттық құндылықтың негізі болып қаланатындығын көрсетеді. Отбасылық дискурста қалыптасатын лингвомәдени тілдік бірліктердің коммуникативті-прагматикалық аспектісін жан-жақты талдауға ұсынған. Диссертациялық зерттеу барысында қазіргі жаһандану үдерісіне сай өркениеттердің тоғысуында геосаяси, ұлтаралық, дінаралық, мәдениетаралық диалогтардың арасында ұлттық құндылықтарды сақтап қалуда, отбасы дискурсының атқаратын ролі мен маңызын көрсету ғылым үшін ғана емес ұрпақ, тұлға қалаптастырудың жаңа тетіктерін игеруге жол салатындығы терең талданылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді;	1. Диссертацияда қорғауға ұсынылатын барлық қағидат толық дәлелденген. Нақты дереккөзден алынған ғылыми деректері мен мысалдары айқын, дәлелді. 2. Қорғауға ұсынылған қағидаттар тривиалды емес, жаңа. 3. Дискурс – адресанттың адресатқа мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат

		<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>санасында интерпретациялануы нәтижесінде туындаған сөйлеу актісінің мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас түрі ұлттық құндылықты қалыптастыру шарттары жаңа, тривиалды емес. 4. Дискурста аксиологиялық концепт арқылы белгілі бір ұлтқа тән мәдениеттің, кәсіби немесе қоғамдық қауымдастықтардың немесе жеке тұлғаға қатысты құндылықтардың берілуінің қолдану деңгейі жоғары дәрежеде.</p> <p>5. Мақалада дәлелденген бе? Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Scopus базасындағы импакт-факторы жоғары журналда барлығы 6 мақала жазылып, диссертацияда көрініс тапты. Отбасы мүшелерінің нақты бір жағдаят пен нәтижеге негізделген қарым-қатынасқа түсу формасының белгілеріне көп коммуниканттардың пікір алмасуы; контекст аясында өрбуі;</p> <p>Прагматикалық интенциясына негізделуі; аялық білімінің теңдігі (тақырыптан хабары болуы); ұлттық құндылықтардың көрініс табуын нақты мысалдармен дәлелденген (// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №2 (72). – Б.202-206, диссертацияның 14 бетінде енгізілгені расталды).</p> <p>Дискурстың аксиологиялық сипаты – оның архетиптік концептілер арқылы берілуін психикалық категория сипатына негізделіп қарастырылуы // Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың туғанына 95 жыл толуына орай «Рәбиға Сыздық феномені: Қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер., жұмыстың 37 бетінде көрініс тапқаны расталды).</p> <p>Отбасы – бұл ерлі-зайыптылар (әке-шешесі) некесіне, олардың балалары мен басқа қандас туыстарының рухани байланысына, тұрмыстық және моральдық жауапкершілік ортақтығына негізделген қоғамдастық Құндылық – жақсылық пен жамандықты ажыратудың мәні, адамгершіліктің аса жоғары деңгейі болып табылады.</p>
--	--	--	---

			<p>Отбасы құндылығы – ұлттық құндылықтарға негізделген, отбасы мүшелерін тәртіп пен тәрбиеге жетелейтін, отбасының атадан балаға беріліп келе жатқан ұстанымдары мен ережелері от-анасы деп қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін қарастырған.(// ҚазҰУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. – № 3 (179), 122-129. Диссертацияның 41-43 бетінде көпрініс тапқаны расталды).</p> <p>Отбасы дискурсының прагматикасы өз сезімдерімізді білдіру, іс-әрекетін бағалау, түрлі ситуациялардың оң-теріс тұрғысынан бағалау, бір әрекеттер жасауға итермелеу мен тоқтатуға мәжбүрлеу деген сияқты эмоционалды-экспрессивті бірліктермен беріледі. Айтушылар эксплицитті (айқын) немесе имплицитті (жасырын) түрде білдірілген, адресанттың объектіге деген объективті немесе субъективті қатынасы жатады. Оларды пейоративті (теріс), мелиоративті (оң) және ситуативті (бейтарап) бағалау түрлерін дәйектелген.(// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №4 (74). – б.98-102, жұмыстың 83 бетінде жұмыстың 117 бетінде талданғаны расталды).</p> <p>Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын маңыздылығы респонденттер google test форматында дайындалған сауалнамаға жауап берген, психоллингвистикалық қыры мысалдармен дәйектелді. (Scopus базасындағы импакт-факторы жоғары журналда: Patterns of interaction in Family Discourse: A Resilience Theory Perspective // International Journal of Society, Culture & Language, 11 (1), March 2023, Pages 76-90.), жұмыстың 117 бетінде талданғаны расталды).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың әдістемесін таңдау принциптері ғылыми зерттеу талаптарын қанағаттандырады. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне іріктеу, талдау, жіктеу, анкета алу әдіс-тәсілдері алынған. Зерттеу материалдары ретінде дискурс және құндылық мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік еңбектер қолданылды: Ван Дейк, Б. Қалиұлы, Г.Г. Бүркітбаева, Д.С. Храменко, М. Хэллидей, К.Қ. Садирова, Қ.Ө. Есенова, А.Е. Карлинский, Г.Е. Дюсембина, А.Р.

			<p>Аракелова, В.И. Карасик, В.В. Звягинцева, Р. Джонсон, В.С. Анохина, Ш. Блюм-Кулка, К. Байрамова, Д.А. Разорнев, Е. Андреева, Е. Назмиева, В. Насртдинова, С.З. Нишанбаева, А.М. Байғұтова т.б.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: Сурет 1 – Отбасы дискурсына тән ерекшеліктер. Сурет 2 – Отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі. Сурет 3 – Қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі. Сурет 7 – Отбасы дискурсында қолданылатын стратегиялар Сурет 8 – Отбасы дискурсында орын алатын стратегиялық тактикалар Респонденттер google test форматында дайындалған сауалнамаға жауап берді [140]. Кесте 1 – Респонденттер туралы ақпарат Кесте 3 – Отбасында кім маңызды шешімдерді қабылдайды? (116-122.б.) Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін кейбір нұсқаларын пайдаланған, (ҚОСЫМША А,САУАЛНАМА) бойынша дәлелденген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындалған ғылыми зерттеу жұмысының теориялық «6В02301 – ФИЛОЛОГИЯ» білім беру бағдарламасына «Лингвоаксиологиялық дискурс» ретінде альтернатив курс ретінде (2021-2022) ұсынылған және эксперимент ретінде өндірісте дәлелденіп жатқаны (қосымша Ә-144 б) расталған.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Жұмыста маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертацияны жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер саны толық, талапқа сай сілтемелері нақты көрсеткіштермен дәйектелген. Отандық және шетелдік мойындалған ғалымдардың зерттеу еңбектерінен алынған. Отбасылық дискурсқа алынған тілдік материалдар танымал жазушылардың көркем шығармаларынан алынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	Зерттеуге негіз болған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмысты жазу барысында отбасылық құндылыққа құралған қазақтың халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, қанатты сөздер), фразеологиялық сөздік, түсіндірме сөздік, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі зерттеу материалдары ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, М.Әуезов, Б. Момышұлы, С. Досымов, Ж. Аймауытов, Қ. Жұмаділов, Д. Исабеков, З. Ахметова, С. Мәмет, Ы. Алтынсарин, Б. Нұржекеев, С. Мұратбеков зерттеу материалдары ретінде алынып талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер саны - 155.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары тіл білімінің танымдық бағыттағы зерттеулерінің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ, дискурс ұғымының теориялық негіздемелерін дамытуға септігін тигізеді. Отбасы дискурсының тілдік, тілден тыс табиғаты зерделенді. Отбасы дискурсының лексика-семантикалық және лингвоаксиологиялық аспектідегі ерекшеліктері сараланды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында «Когнитивті лингвистика», «Дискурс теориясы», «Лингвоаксиология», «Отбасы дискурсы» сияқты ғылыми курстар мен семинарларды жүргізуде пайдалануға болады. Жұмыста ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу актісімен (ҚОСЫМША Ә) расталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ;	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып саналады. Өйткені отбасы дискурсы – рухани құндылықтардың қайнар көзі және алғаш рет зерттеу нысанына ілініп отыр. «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми талаптардың мүддесінен шығатын аяқталған жұмыс болып бағаланды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Автор жұмысында академиялық жазу сапасын жоғары деңгейде орындаған. Диссертацияда академиялық жазу сапасының ерекшеліктері мен талаптары толық сақталған. Ғылыми жұмыстың нормативті көрсеткіштері, сілтемелер, суреттер, кестелер, түрлі ережелер мен анықтамалар, графикалық сызбалар т.б. қолданылған. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық толық жүйеленген. «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БЖҒМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Ресми рецензент мына шешімдерді қабылдады:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайдардан басқа) ;
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БЖҒМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, ұсынылған Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,
ф.ғ.д., профессор

Д.А. Алкебаева

«7» қыркүйек 2023 ж.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ғылыми
даярлау және аттестаттау басқармасы

ЗАБЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

